

Күзетілетін объектілерден, азаматтардың пәтерлерінен және меншіктің барлық нысандарындағы өзге де объектілерден Жедел басқару орталықтарына, Астана, Алматы қалаларының және облыстар ішкі істер департаменттерінің кезекші бөлімдеріне келіп түсетін дабыл белгілеріне қоғамдық тәртіпті сақтауға жұмылдырылған полиция кешенді күштерінің ден қоюын ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2003 жылғы 17 мамырдағы № 280 бүйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2003 жылғы 21 мамырда тіркелді. Тіркеу № 2288. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2016 жылғы 16 мамырдағы № 507 бүйрығымен

**Ескерту. Бүйрықтың күші жойылды - ҚР Ішкі істер министрінің 16.05.2016 № 507 бүйрығымен.**

**Ескерту: Бүйрықтың атауы және кіріспе жаңа редакцияда жазылды - Ішкі істер министрінің 2005 жылғы 13 қыркүйектегі № 541 бүйрығымен ( қолданысқа енгізілу тәртібін 3-тармақтан қараңыз ).**

Күзетілетін объектілерден, азаматтардың пәтерлерінен және меншіктің барлық нысандарындағы өзге де объектілерден Жедел басқару орталықтарына, Астана, Алматы қалаларының және облыстар ішкі істер департаменттерінің ( бұдан әрі - ПД) кезекші бөлімдеріне келіп түсетін дабыл белгілеріне қоғамдық тәртіпті сақтауға жұмылдырылған полиция кешенді күштерінің ден қою тиімділігін арттыру мақсатында **БҮЙЫРАМЫН** :

1. Қоса беріліп отырған Күзетілетін объектілерден, азаматтардың пәтерлерінен және меншіктің барлық нысандарындағы өзге де объектілерден Жедел басқару орталықтарына, Астана, Алматы қалаларының және облыстар ішкі істер департаменттерінің кезекші бөлімдеріне келіп түсетін дабыл белгілеріне қоғамдық тәртіпті сақтауға жұмылдырылған полиция кешенді күштерінің ден қоюын ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулық бекітілсін.

**Ескерту: 1-тармақ жаңа редакцияда жазылды - Ішкі істер министрінің 2005 жылғы 13 қыркүйектегі № 541 бүйрығымен ( қолданысқа енгізілу тәртібін 3-тармақтан қараңыз ).**

2. Ішкі әскерлер комитеті, Астана, Алматы қалаларының және облыстар ішкі істер департаменттерінің, көліктегі ішкі істер департаменттерінің, Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі оку орындарының бастықтары:

1) жеке құрамның осы нұсқаулықты әскери және қызметтік дайындық

жүйесінде оқып-ұйренуін және олардан сынақ қабылдауды ұйымдастырысын;

2) осы нұсқаулықтың талаптарын қоғамдық тәртіпті сақтауға тартылатын барлық қызметкерлердің, сондай-ақ полиция бөлімшелерінің қызметін бақылау мен ұйымдастыру жүктелген лауазымды адамдардың мұлтіксіз орындаудың қамтамасыз етсін;

3) ішкі істер органдарының жеке құрамы мен Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі ішкі әскерлерінің әскери қызметшілері үшін кемінде тоқсанына бір рет бірлескен оқу сабактарын және жаттығулар өткіздін. Оның барысында құзетілетін объектілерден, азаматтардың пәтерлерінен және меншіктің барлық нысандарындағы өзге де объектілерден Жедел басқару орталықтарына, Астана, Алматы қалаларының және облыстар ПД-нің кезекші бөлімдеріне келіп түсетін дабыл белгілеріне қоғамдық тәртіпті сақтауға жұмылдырылған полиция кешенді күштерінің патрульдік-құзет нарядтарының ден қоюға машиқтануын ұйымдастырысын;

4) қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуде құзетілетін объектілерден Жедел басқару орталықтарына, Астана, Алматы қалаларының және облыстар ПД-нің кезекші бөлімдеріне келіп түсетін дабыл белгілеріне полиция кешенді күштерінің ден қоюының нәтижелерін, сондай-ақ олардың Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің ішкі әскерлерімен өзара іс-қымыл жасасуын қажетті басқарушылық шешімдер шығару арқылы және олардың қызметтері тиімділігін арттыру үшін нақты шаралар қабылдай отырып тоқсан сайын жедел кеңестерде қарасын.

**Ескеरту: 2-тармаққа өзгертулер енгізілді - Ішкі істер министрінің 2005 жылғы 13 қыркүйектегі N 541 бұйрығымен ( қолданысқа енгізілу тәртібін 3-тармақтан қаралызы ).**

3. Бұйрық Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің барлық жеке құрамына жарияланын.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Ішкі істер вице-министрі полиция генерал-майоры А.Ж.Шпекбаевқа, Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Ішкі әскерлер комитетіне (К.Ш.Сулейменов), Мемлекеттік құзет қызметі департаментіне (А.Қ.Мұқажанов), Қоғамдық қауіпсіздік департаментіне (Ғ.А.Алпысбаев) және Жол полициясы департаментіне (Ә.Т.Тұсімов) жүктелсін.

**Ескерту: 4-тармақ жаңа редакцияда жазылды - Ішкі істер министрінің 2005 жылғы 13 қыркүйектегі N 541 бұйрығымен ( қолданысқа енгізілу тәртібін 3-тармақтан қаралызы ).**

5. Бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткен күнінен бастап күшіне енеді.

*M и n i s t r*

генерал-полковник

Қазақстан

Ішкі

2003

N

істер

жылғы

280

бұйрығымен

бекітілген

Республикасы

министрінің

17

мамырдағы

**Күзетілетін объектілерден, азаматтардың пәтерлерінен  
және меншіктің барлық нысандарындағы  
өзге де объектілерден Жедел басқару орталықтарына,  
Астана, Алматы қалаларының және облыстар ішкі істер  
департаменттерінің кезекші бөлімдеріне  
келіп түсетін дабыл белгілеріне қоғамдық  
тәртіпті сақтауға жұмылдырылған полиция  
кешенді күштерінің ден қоюын ұйымдастыру  
жөніндегі нұсқаулық**

Ескерту: Нұсқаулықтың тақырыбы жаңа редакцияда жазылды; "ПББ-ПБ" деген аббревиатура "ПД" деген аббревиатурамен ауыстырылды; "ҰТ" және "ПКН" деген аббревиатураларды "ПКК ПКН" деген  
аббревиатурамен ауыстырылды;  
"КПП патрульдік-күзет наряды" деген сөздер "ПКК ПКН" деген  
аббревиатурамен ауыстырылды;

"және азаматтардың пәтерлерінен, оның ішінде күзет қызметінің мемлекеттік  
емес күзет субъектілері күзететін" деген сөздер ", меншіктің барлық  
нысандарындағы өзге де объектілерден" деген сөздермен ауыстырылды - Ішкі  
істер министрінің 2005 жылғы 13 қыркүйектегі N 541 бұйрығымен ( колданысқа  
енгізілу тәртібін 3-тармақтан қараңыз ).

Нұсқаулық күзетілетін объектілерден, меншіктің барлық нысандарындағы  
өзге де объектілерден объектілерден жедел басқару орталығына, ПД-нің кезекші  
бөлімдеріне келіп түсетін дабыл белгілеріне қоғамдық тәртіпті сақтауға  
жұмылдырылған полиция кешенді күштерінің іс-әрекеттері тәртібін белглейді.

Осы Нұсқаулықтың талаптарын орындау кезіндегі ішкі істер органдарының  
қызметкерлері (бұдан әрі - ПО) және Қазақстан Республикасының Ішкі істер  
министрлігі ішкі әскерлерінің әскери қызметшілері (бұдан әрі - ӘҚ)  
қызметтерінің құқықтық негізін Қазақстан Республикасының Конституциясы ,  
Қазақстан Республикасының ішкі істер органдары туралы", "Қазақстан  
Республикасы Ішкі істер министрлігінің ішкі әскерлері туралы" Қазақстан  
Республикасының Зандары, Әділет министрлігінде N 1938 нөмірмен тіркелген "

Қоғамдық тәртіп пен қауіпсіздікті қамтамасыз ету бойынша Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарының патрульдік-күзет қызметінің қоғамдық тәртіп пен қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің 2002 жылғы 5 шілдедегі N 475 бұйрығы , Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілері және осы Нұсқаулық құрайды.

Осы Нұсқаулықты Полиция күштері мен қуралдарын кешенді пайдалану жоспары бойынша патрульдік-күзет қызметін ұйымдастыруға және атқаруға қатысушы ішкі істер органдарының барлық қызметкерлері, ішкі әскерлердің әскери қызметшілері басшылыққа алады.

Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі ішкі әскерлерінің әскери қызметшілері қоғамдық тәртіпті сақтау, азаматтардың жеке басының және мұліктерінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету, қылмыстың және әкімшілік құқық бұзушылықтың алдын алу, ескерту жөніндегі міндеттерін орындау кезінде " Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің ішкі әскерлері туралы" Қазақстан Республикасының Заңын және осы Нұсқаулықты басшылыққа алады.

**Ескерту: Кіріспеге өзгертулер енгізілді - Ішкі істер министрінің 2005 жылғы 13 қыркүйектегі N 541 бұйрығымен ( қолданысқа енгізілу тәртібін 3-тармақтан қараңыз ).**

## 1. Жалпы ережелер

1. Күзетілетін объектілерден, меншіктің барлық нысандарындағы өзге де объектілерден объектілерден жедел басқару орталығына, ПД-нің кезекші бөлімдеріне келіп түсетін дабыл белгілеріне қоғамдық тәртіпті сақтауға жұмылдырылған Полиция кешенді күштерінің патрульдік-күзет нарядының ( бұдан әрі - ПКК ПКН) негізгі міндеті "Дабыл" белгісі келіп түскен күзетілетін объектінің қарап шығу, қоршау және құқық бұзушыларды ұстауда Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің мамандандырылған күзет қызметтерінің және күзет қызметі субъектілерінің нарядтарына көмек көрсету үшін жедел бару болып табылады. Осы ретте ПКК ПКН-ның мүшелері іс-әрекеттерінің амалдары күзетілетін объектінің орналасу орнына, сәулеттік және басқа да ерекшеліктеріне , сондай-ақ сигнализацияның қай рубежі іске қосылғандығына байланысты. Егер, "Дабыл" белгісі Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің мамандандырылған күзет қызметі бөлімшелері күзететін объектіден түссе, онда патрульдік-күзет наряды (бұдан әрі - ПКК ПКН) жедел басқару орталығында ( кезекші бөлімде) болатын сол объектінің қорғау жоспарына сәйкес іс-әрекет жасайды .

**Ескерту: 1-тармаққа өзгертулер енгізілді - Ішкі істер министрінің 2005**

**жылғы 13 қыркүйектегі N 541 бұйрығымен ( қолданысқа енгізілу тәртібін 3-тармақтан қараңыз ).**

2. Күзетілетін объектілердегі, азаматтардың пәтерлеріндегі (бұдан әрі - объект) сигнализацияның іске қосылғаны туралы жедел басқару орталығының ( кезекші бөлімнің ) кезекшісінен ақпарат алғанған кезде жақын жердегі ПКК-ның патрульдік-күзет нарядтары дереу мейлінше қысқа уақыт ішінде кемінде 5 минутта оқиға болған жерге жетуге міндетті. Бару жолында ПКК ПКН-нің аға қызметкерлері борт журналына, бағыт-бағдар карточкасына белгінің түсін уақыты, объектінің мекен-жайы мен атауы ( қай рубеждің іске қосылған және т.б. ) туралы белгі түсіреді. ПКК ПКН қысқа жолмен объектіге келеді, ол туралы жедел басқару орталығына ( кезекші бөлімге ) баяндайды, борт журналына, бағыт-бағдар карточкасына объектіге келген уақытты белгілей отырып, ПКК ПКН осал және әлсіз қорғалған жерлерді айқындайды, жасырынған қылмыскерлерді және олардың сыйбайластарын табу мүмкіндігі мақсатында жағдайға қатысты аумақтарды ұқыпты бақылай отырып, іске қосылудың себептерін анықтайды және айқындайды.

**Ескерту: 2-тармаққа өзгертулер енгізілді - Ішкі істер министрінің 2005 жылғы 13 қыркүйектегі N 541 бұйрығымен ( қолданысқа енгізілу тәртібін 3-тармақтан қараңыз ).**

3. Объектіге келіп жету кезінде жедел әсер ету факторы үлкен рөл атқарады, ол қылмыскер(лер)дің объектіден көзге түспей кетіп қалуына жол бермейді. Жүргізуши-полицей автомобильді күзетілетін объектінің (азаматтардың пәтерлері , дүкендер, барлық деңгейдегі банктер, аса маңызды объектілер, тіршілікті қамтамасыз ету объектілері және стратегиялық объектілер) маңыздылық және күрделілік дәрежесіне байланысты, объектіге (оқиға орнына) жарық түсіру және құқық бұзушыны анықтау мүмкіндігі болатындей етіп тоқтатады, кезекшімен және нарядтың аға қызметкерімен радиобайланысқа шығып тұрады, қылмыскердің автомобильде жасырынып қашып кету әрекеті жағдайында оның ізіне тұсу мүмкіндігі болу үшін топтың қызметкерлерін сақтандырып тұрады. Қызметтік көлікті құқық бұзушылардың немесе бөгде адамдардың пайдалану мүмкіндігіне жол бермеу қажет.

4. Құқық бұзушылар тарапынан шабуылды болдырмаудан аулақ болу үшін объектіге бөлініп-бөлініп, сақтық шараларын сақтай отырып және экипаждың басқа мүшелерінен көз жазбай келу керек.

5. Ұстасу топтары объектіні тиянақты, әсіресе, құқық бұзушылардың кіріп кетуі мүмкін орындарды (витриналарды, терезелерді, қабылдағыштарды, люктерді, шатырларды, желдеткіш люктерін және ауажинағыштарды), ал

объектілер үй астындағы үй-жайларға шығатын есігі бар тұрғын үйлерде орналасса, басқа ұйымдардың көршілес үй-жайлары және т.б. қарап шығу қажет.

6. Объектінің қарау кезінде қылмыс элементтерінің кенеттен шабуыл жасаудынан аулақ болу үшін қабырғаларға және карниздер мен қалқаларға жақындауға болмайды. Ғимараттың және құрылыштың бұрыштарын қауіпсіз қашықтықта айналып өту қажет.

7. Нәтижелер дереу жедел басқару орталығының кезекшісіне (кезекші бөлімге) баяндалады, қарап шығудың аяқталған уақыты мен нәтижелері борт журналына, бағыт-бағдар карточкасына белгіленеді.

8. Бұдан әрі ПКК-нің патрульдік-күзет нарядтары жедел басқару орталығының кезекшісінен (кезекші бөлімнен) алынған нұсқау бойынша іс-әрекет жасайды.

## **2. Күзетілетін объектілер, меншіктің барлық нысандарындағы өзге де объектілерден "Дабыл" белгісі түскен кезіндегі полиция кешенді күштері патрульдік-күзет нарядтарының іс-әрекеттері**

9. Күзетілетін объектілер, меншіктің барлық нысандарындағы өзге де объектілерден "Дабыл" белгісі келіп түскен кезде жедел басқару орталығы кезекшісінің көмекшісі (аға инспектор-кезекші немесе инспектор) дереу объектіге жақын КПП патрульдік-күзет нарядтарын жібереді. Патрульдік-күзет нарядтар бара жатқан жолда аумақтық ішкі істер органдының кезекші бөлімі КПП ПКН үшін орналастыру, сондай-ақ күзетілетін объекті туралы, оның ішінде анағұрлым осал жерлерді және қылмыскерлердің кетіп қалуы мүмкін жолдарын көрсетіп толық ақпарат береді.

**Ескерту: 9-тармаққа өзгерту енгізілді - Ішкі істер министрінің 2005 жылғы 13 қыркүйектегі N 541 бүйрекшімен ( қолданысқа енгізілу тәртібін 3-тармақтан қараңыз ).**

10. Күзетілетін объектіде сигнализация іске қосылғандығы туралы ақпарат алған соң, патрульдік-күзет наряд объекті құрылышының сәулеттік және өзге де ерекшеліктерін есепке ала отырып, құқық бұзушыларды ұсташа шараларын қ о л д а н а д ы :

1 )      Ж е к е      т ұ r f a n      о б ъ e k t .

Келген ПКК-ның патрульдік-күзет нарядтары одан автокөлік құралдарының ( қылмыскерлер шабуыл жасап, автокөлікте жасырынуға әрекет жасауды мүмкін) шығуына жол бермей, объектінің қоршап алады. Жедел басқару орталығының кезекшісіне (кезекші бөлімге) "Дабыл" белгісінің келіп тусу себептерін анықтау

мақсатында ПКК ПКН-ның аға қызметкери объектіге кіреді. Объектінің үй-жайына кіріп, ондағы адамдардан әртүрлі қозғалыс жасауларын тоқтатуды талап етеді және бәріне өз орындарында қалуларын сұрайды. ПКК ПКН мүшелерінің біреуі "Дабылдың" келіп тұсу себептерін анықтайды, басқа қызметкер осы уақытта ұсталған адамдармен бірге болады және осы ретте ПО (І) қызметкерлері мен азаматтардың іс-әрекеттерін сырттай бақылады, ПКН-ның басқа экіпаждарымен радиобайланысқа шығып тұрады. Объектінің қарап шығу аяқталған соң, нәтижесі жедел басқару орталығына, аумақтық ПО-ның кезекші бөліміне баяндалады.

2) Күзетілетін объекті көпқабатты ғимарат қабаттарының бірінде орналасқан.

Келген ПКК-ның патрульдік-күзет нарядтары одан автокөлік құралдарының шығуына жол бермей, объектіні қоршап алады. Қылмыскерлердің кенеттен шабуыл жасауынан сақтану шараларын сақтай отырып, ПКК ПКН-ның аға қызметкери "Дабыл" белгісінің келіп тұсу себептерін анықтау мақсатында бөгетсіз ғимарат ішіне кіреді, қалған ПКК ПКН қылмыскерлердің қосалқы есіктер, лифт есіктері және т.б. кетіп қалуы мүмкін жолдарын жабады. ПКК ПКН қызметкерлерінің бірі ғимаратқа кіреберісті жабады және одан азаматтардың кіруі мен шығуына жол бермейді. Ғимаратқа кіріп, ПКК ПКН-ның мүшелері азаматтардан қозғалысты тоқтатуларын және бәрінің өз орындарында қалуларын талап етеді. ПКК ПКН-ның аға қызметкери ПО-ның басқа қызметкерлерімен бірге үй-жайға (бөлмеге) баспалдақ арқылы көтеріледі, ПКК ПКН-ның екінші аға қызметкери үй-жайға (бөлмеге) лифт арқылы көтеріледі. Барлық көрсетілген іс-әрекеттерде ПКК ПКН-ның басшылары өзара және ПО-ның (ІӘ) басқа қызметкерлерімен алып жүретін радиостанцияның көмегімен радиобайланысқа шығып тұрады. Ұстай тобы құдікті адамдарды ұстай мақсатында ғимараттың жоғарғы қабаттарын, өзге үй-жайларды (бөлмелерді, қоймаларды және т.б.) қарап шығады. Объектінің қарап шығу аяқталған соң нәтижесі жедел басқару орталығына, аумақтық істер органдарының кезекші бөліміне баяндалады.

3) Күзетілетін объектіде ақша қаражаттарын беретін терезе бір кіретін  
есік бар.

Объектіге келген кезде шабуыл жасаудың сыйбайластарын табу мақсатында объектіге жақын тұрған аумақтарға көніл бөлу қажет.

Келген ПКК-ның патрульдік-күзет нарядтары қылмыскерлердің кенеттен шабуыл жасауының сақтық шараларын сақтай отырып, объектіні қоршайды. ПКК ПКН-ның аға қызметкери ақша қаражаттарын беретін терезеге келіп "Дабыл" белгісінің іске қосылу себебін анықтайды, басқа қызметкер қылмыскерлердің шығып кетпеуі үшін үй-жайдың кіретін есігін жабады. Көрсетілген объектіде бөгде адамдардың болмауы анықталған соң, патрульдік-күзет нарядының аға қызметкери объектінің ішіне кіреді, оны басқа ПКК ПКН-мен байланыс ұстап

тұратын ПО-ның басқа қызметкері жауып жүреді. Қалған ПКК ПКН орналастырудың және объектіні қоршаудың жоспар-сызбасына сәйкес объектідегі жерлерде болады. Объектіні орналастырудың және оқшаулаудың жоспар-сызбасы болмаған жағдайда КПК ПКН объект құрылышының сәулеттік және басқа да ерекшеліктерін есепке ала отырып, әрекет етеді. Егер қылмыскер ақша қаражаттарын беретін үй-жайдың ішінде болған жағдайда, оны залалсыздандыру және ұсташа шаралары қолданылады, осы ретте радиостанция бойынша аумақтық ішкі істер органдарының кезекші бөліміне және жедел басқару орталығына хабарланады.

**Ескерту: 10-тармаққа өзгерту енгізілді - Ішкі істер министрінің 2005 жылғы 13 қыркүйектегі N 541 бұйрығымен ( қолданысқа енгізілу тәртібін 3-тармақтан қараңыз ).**

### **3. Объектіге кіруі анықталған құқық бұзушының оқиға орнынан қашып кеткен кездегі полиция кешенді күштері патрульдік-күзет нарядының іс-әрекеттері**

11. ПКК ПКН аға қызметкері кірудің анықталғандығы туралы ПД жедел басқару орталығының кезекшісіне, аумақтық ішкі істер органдарының кезекші бөліміне хабарлайды. Куәгерлер мен қылмысты көргендерді, құқық бұзушылардың және ұрланған заттардың белгілерін анықтайды. Оқиға орнының жағдайының бұзылуына жол бермей, оған жақын орналасқан аумақты қарап шығады .

Қолда бар құралдарды пайдалану арқылы іздер мен бұзып ашқан құралдарды сақтауға шаралар қолданады.

12. ПКК-ның патрульдік-күзет нарядтарына оқиға орнынан қандай да бір заттарды алуға қатаң тыйым салынады.

13. Тергеушінің тапсырмасына сәйкес оқиға орнындағы күзетіletіn объектіге аумақтық ПО жедел-тергеу тобы келген соң объектіні қарап шығу қажет, осы ретте ПКК ПКН байқампаздық және қырағылық танытады, қызметтік-іздеу итін пайдалану арқылы құқықбұзушыларды іздеуді ұйымдастырады.

**Ескерту: 13-тармаққа өзгерту енгізілді - Ішкі істер министрінің 2005 жылғы 13 қыркүйектегі N 541 бұйрығымен ( қолданысқа енгізілу тәртібін 3-тармақтан қараңыз ).**

#### **4. Құқық бұзушы объектіде анықталған кездегі полиция кешендей күштері патрульдік-күзет нарядтарының іс-әрекеттері**

14. Құқық бұзушылардың объектіде болуына күдік болған кезде, патрульдік-күзет наряды дереу ПД жедел басқару орталығының кезекшісіне, аумақтық ішкі істер органының кезекші бөліміне баяндайды, құқық бұзушылар оқиға орнынан қашып кетпеулері үшін объектіні тыңғышты бақылауға алады. Оқиға орнын күзету, іздер мен бұзу құралдарын сақтау бойынша шаралар қ о л д а н а д ы .

Қару қолдануға дайын болуы және тежегіште тұруы қажет.

15. Қосымша күш келген соң, құқық бұзушыларды ұстауға қажетті шаралар қ о л д а н у қ а ж е т :

1) Иті бар полицей-кинолог болған кезде: ПКК ПКН-ның аға қызметкері дауыстап, объектіге кірген құқық бұзушыларға өз еркімен берілуді ұсынады және қызметтік ит қолданылатындығы туралы ескертеді. Полицей-кинолог итке " Дауыста" командасын береді. Ескертуден кейін ит қарғыбаусыз үй-жайдың ішіне жіберіледі, оның соңынан ұстау тобы кіреді; сақтық шараларын сақтай отырып, қызметтік иттің "даусынан" бағдар алып, объектіні қарап шығады және ит тауып алған құқық бұзушыларды ұстайды.

2) Иті бар полицей-кинолог жоқ болған кезде: объектіні қарап шығу кемінде үш ПО қызметкерлерімен жүргізіледі; ПКК ПКН-ның аға қызметкері келген " шаруашылық органнан" объектінің жоспарын алып, құқық бұзушылардың жасырынуы мүмкін жерлерді анықтайды және қызметкерлер арасында міндеттерді бөліп береді, іс-әрекеттің тәртібін түсіндіреді, өзара берілетін белгілерді анықтайды. Жабдықтар, жеке қорғау құралдары мен арнайы құралдар тексеріледі, атыс қарулары дайындыққа келтіріледі; қарап шығуға және құқық бұзушыларды ұстауға команда беріледі; объект тиянақты және жүйелі түрде ( солдан - онға немесе оннан - солға) және қандай да бір үй-жайды қарап шыққанда түгелімен тексеріледі; құқық бұзушының терезелер немесе шатыр үй-жайлары, люктар және басқа да шығу жерлері арқылы қашып кетуіне жол бермеу үшін міндетті түрде патрульдік-күзет наряд мүшелерінің біреуі объектін сыртынан күзету үшін қалдырылады.

#### **5. Объектінің ішіндегі құқық бұзушылар таралынан қарулы қарсылық көрсетілген кездегі ПКК патрульдік-күзет нарядының іс-әрекеттері**

16. Табелдік қарумен үй-жайдың ішіне кірген ұстай топтарының мүшелері сақтық шараларын қолдана отырып, ішкі үй-жайларды (сауда залдарын, қоймаларды, жертөлелерді, аулаларды) қарап шығуды әдетте, құқық бұзушылардың жасырынуы мүмкін барлық жерлерді тексере отырып, объектіге кірген жерден бастайды. Осыған орай, ПКК ПКН мүшелерінің біреуі үй-жайды (жасырынуы мүмкін жерлерді) қарайды, екіншісі оны кенеттен болуы мүмкін шабуылдан сақтайды. Қауіпсіздік мақсатында ашық учаскелерді (сауда залдарын) ортасынан өтуге болмайды, қабырға жақын, қорғану үшін прилавкаларды, шкафтарды, жеке тұрған құрылыштарды және нәрселерді пайдалану арқылы қозғалу қажет.

17. Соққы беруге арналған сұық (атыс) қаруы немесе затпен қаруланған құқық бұзушы табылған кезде, "Қаруды таста!" командасын беру және табельдік қаруды, арнайы құралдарды және дене күшін қолдануға дайындалу қажет.

18. Табельдік қаруды, сондай-ақ арнайы құралдарды "Ішкі істер органдары туралы" Заңың 13, 14-баптарымен анықталған жағдайларда ғана қолдануға б о л а д ы .

**Ескерту: 18-тармаққа өзгерту енгізілді - Ішкі істер министрінің 2005 жылғы 13 қыркүйектегі N 541 бұйрығымен ( қолданысқа енгізілу тәртібін 3-тармақтан қараңыз ).**

19. Көшеде объектінің жанында тұрған ПО-ның (ІӘ) қызметкерлері атысты естігенде құқық бұзушының кетіп қалуы мүмкін жолдарды бақылап қырағылықты күшейтеді. ПКК ПКН аға қызметкерінің нұсқауы бойынша ПО-ның қызметкерлері дайын тұрған табельдік қаруларымен, сақтық шараларын сақтай отырып, құқықбұзушыны ұстаяға көмек көрсету үшін үй-жайдың ішіне кіреді.

20. Құқық бұзушы жараланған жағдайда, егер ол қарулы қарсылықты тоқтатса, оны қарусыздандыру шаралары қолданылып, сақтана отырып, оған медициналық көмек көрсетіледі. Жедел-тергеу тобы келгенге дейін патрульдік-құзет наряды оқиға орнын қүзетуді қамтамасыз етеді. Құқық бұзушыны ұстада өз еркімен берілген жағдайда, аумақтық ПО кезекші бөліміне оны қүзету мен жеткізу үйимдастырылады.

**6. Қузетілетін пәтерден , оның ішінде дабыл сигнализациясы  
кнопкасымен жабдықталған пәтерден "Дабыл" белгісін алған  
кездегі полиция кешенді күштерінің патрульдік-құзет нарядтарының  
іс-әрекеттері**

**Ескеरту: Тараудың атауына өзгерту енгізілді - Ішкі істер министрінің 2005 жылғы 13 қыркүйектегі N 541 бүйрығымен ( қолданысқа енгізілу тәртібін 3-тармақтан қараңыз ).**

21. Кезекші бөлімнен "Дабыл" сигналын алғаннан кейін ПКК ПКН қысқа жолмен көрсетілген мекенжайға барады. Онда бара жатқан кезде ПКК ПКН аға қызметкері "Дабыл" сигналын алған уақытты белгілейді және кезекшіден құзетілетін пәтердің ерекшеліктерін (кіреберістердің, терезелердің, балкондардың және т.б. орналасуын) нақтылайды. Қажетті мекенжайға келген кезде жарқырауық маяк алдын ала сөндіріледі, автомобиль құқық бұзушылар келген нарядты байқап, оқиға орнынан қашып кете алмайтындей болып тоқтайды .

**Ескерту: 21-тармақ жаңа редакцияда жазылды - Ішкі істер министрінің 2005 жылғы 13 қыркүйектегі N 541 бүйрығымен ( қолданысқа енгізілу тәртібін 3-тармақтан қараңыз ).**

22. Патрульдік-құзет нарядтың пәтерді қарап шығудағы іс-әрекет тәсілі ғимараттың сәулеттік ерекшеліктеріне байланысты.

23. Патрульдік-құзет наряды пәтерлерді сыртқы жағынан (аула, терезелер, егер пәтер көпқабатты үйде болса, сырттай қарauғa болатын балкондар) мұқият қ а р а п ш ы ғ а д ы .

24. Жүргізуші автомобильді патрульдік-құзет наряды кіреберіске кірген соң радиостанция мен автомобильді жылдам пайдалану мүмкіндігі болатындей есеппен қояды. Автомобиль, оны құқық бұзушылардың пайдалануының алдын алу мақсатында айдап әкетуге қарсы қондырылармен жабдықталу қажет. Жүргізуші кіреберісті жабады, және ол ғимараттың сыртқы жағын бақылайды және кіреберістен шыққан адамдардың құжаттарын тексереді.

25. Егер ғимараттың 1-3 қабаттарында орналасқан пәтердегі сигнализация іске қосылса, жүргізуші құқық бұзушының (құқық бұзушылардың) құзетілетін пәтерден балкон немесе терезе арқылы қашып кетуіне мүмкіндік бермеу үшін үйдің пәтер орналасқан жағын жабады.

26. Кіреберісте лифт болса, патрульдік-құзет нарядының аға қызметкері лифтіні шақырады және ең жоғарғы қабатқа дейін көтеріледі, шатырға немесе төбеге шығатын есіктерді қарап шығады. Егер шығатын есік ашық болса, бұл туралы рация арқылы екінші қызметкерге және жүргізушіге хабарлайды, сақтық шараларын сақтап және қаруды дайындыққа келтіріп шатыр астындағы үй-жайды қарайды. Содан кейін қажетті пәтерге дейін баспалдақ арқылы төмен түседі, осы ретте қоқыс құбырының шахтасын және баспалдақ тексереді. Пәтер алдындағы алаңқайды қарап шығады, одан кейін пәтер есігінің артына жасырынып бақылау жүргізеді.

27. ПКК ПКН-ның екінші қызметкері қолда бар құралдармен екінші лифтінің жабады, аралықтар мен алаңқайларды қарай отырып, баспалдақ арқылы жоғары көтеріледі. Бөтен біреу кездескенде олардың жеке бастарын, кіреберісте неге жүргендерін анықтайды. Өздерімен бірге сөмке және т.б. алып жүрген адамдарға басты назар аударады.

28. Тұрғын үйде лифт болмағанда немесе ол істен шыққанда ПКК ПКН мүшелерінің біреуі бірден жоғарғы қабатқа дейін жаяу көтеріледі, кіреберістің жоғарыда көрсетілгендей қарап шығады, содан кейін қажетті пәтерге дейін төмен түседі. ПКК ПКН-ның екінші мүшесі "Дабыл" белгісі келіп түскен пәтерге дейін келеді және пәтерге кіретін есікті басқа қызметкер келгенше күзетеді. Содан соң екеуі пәтерді қарап шығу жөніндегі қажетті іс-әрекеттерді одан әрі қолданады.

29. Егер саты лифтілерден бөлек болса, баспалдақ алаңқайларында есігі бар холл болатын болса - тексеру тікелей пәтердің есігінен басталады, одан әрі - тексерудің нәтижелеріне байланысты.

30. Пәтер есігінің алдында ПКК ПКН-ның мүшелері оны мұқият (құлыптар, есік жаппасы, бұзып ашу іздерін (үгінділер, жаңқалар) байқау үшін еденді қарап шығады; пәтерде шу немесе бөгде дыбыстардың бар-жоғын анықтайды, осы ретте сақтық шараларын сақтай отырып (күзетілетін пәтер есігінің ойықтарында болуға тыйым салынады) есікті (ашық немесе жабық) тексереді.

31. Бұзып ашу іздері, ашық есік, пәтерде шу анықталғанда дереу, тыныштық сақтай отырып, жеке бастың қауіпсіздігін қамтамасыз ететін қалыпты ұстап, баспалдақ алаңқайын бөгде адамдардан босатады және ПД жедел басқару орталығының, аумақтық ПО-ның кезекшісіне хабарлайды және көмек шақырады.

32. Тексеру нәтижелері ПД жедел басқару орталығының кезекшісіне, аумақтық ПО, күзет бөлімшесінің кезекші бөліміне баяндалады. Қарап шығудың аяқталған уақыты және оның нәтижелері борт журналына, қызметтік кітапшаға жазылады. Одан әрі наряд ПД жедел басқару орталығының, аумақтық ПО кезекшісінен, күзет бөлімшесінің кезекшісінен алынған нұсқау бойынша іс-әрекет жасайды.

**Ескерту: 32-тармаққа өзгерту енгізілді - Ішкі істер министрінің 2005 жылғы 13 қыркүйектегі N 541 бұйрығымен ( қолданысқа енгізілу тәртібін 3-тармақтан қараңыз ).**

## **7. Полицияның кешенді құштері патрульдік-күзет нарядтарының пәтерді қарау тәртібі**

**Ескерту: 7-тараудың атауы жаңа редакцияда жазылды - Ішкі істер министрінің 2005 жылғы 13 қыркүйектегі N 541 бұйрығымен ( қолданысқа енгізілу тәртібін 3-тармақтан қараңыз ).**

33. Пәтерді қарau кезінде баспалдақ алаңқайындағы көршілес пәтерлердің қарau көзектері желімденбегеніне назар аудару қажет. Есікке қоныраu соғардан бұрын есік жаппасы мен босағаның бүтіндігі қаралады. Пәтер ішіндегі шуы тындалады, есіктің жабық тұруын тексереді.

34. Құзетілетін пәтерге кіру белгілері болмағанда, пәтер жалдаушының отбасы мүшелерінің бар екендігі тексеріледі. Бұл үшін пәтерге кіретін есіктен алшақ тұрып, қоныраудың көмегімен немесе есікті қағу арқылы белгі беріп іштегі адамдарды шақыруға әрекет жасайды.

35. Егер қоныраu соққанда немесе есікті қаққанда іште болған біреу есік ашса , онда бұл жағдайда ПКК ПКН сақтық шараларын сақтай отырып, онымен бірге пәтерге кіреді және оның іс-әрекеттеріне көніл аударады. Құжаттарын тексеру арқылы пәтердегі субъектінің жеке басын, оның пәтер жалдаушының отбасына қатысын анықтайды немесе автоматтандырылған деректер базасы бойынша тексереді. Егер тегі пәтер жалдаушының тегімен сәйкес келмесе және оның пәтерде болуын негіздейтін басқа құжаттары болмаса, онда бұл жағдайда оған одан әрі тексеру үшін аумақтық ПО-ға жүруді ұсынады, бұл туралы жедел басқару орталығының кезекшісіне баяндайды.

**Ескерту: 35-тармаққа өзгерту енгізілді - Ішкі істер министрінің 2005 жылғы 13 қыркүйектегі N 541 бұйрығымен ( қолданысқа енгізілу тәртібін 3-тармақтан қараңыз ).**

36. ПКК ПКН-қа қарулы қарсылық көрсетілгенде дереу жедел басқару орталығының, аумақтық ПО-ның кезекшісіне немесе күзет бөлімшесінің кезекшісіне хабарлау қажет. Қарсылықты тоқтатуын талап етіп, қару пайдалануға дейін баратын құқық бұзушыны ұстаудың барлық шараларын қолдану қажет. Аумақтық ПО жедел-тергеу тобы келгенге дейін оны пәтерден шығуын жабу қажет.

3    7 .                  < \* >

**Ескерту: 37-тармақ алынып тасталды - Ішкі істер министрінің 2005 жылғы 13 қыркүйектегі N 541 бұйрығымен ( қолданысқа енгізілу тәртібін 3-тармақтан қараңыз ).**

38. Егер қонырауға немесе есікті қаққанға ешкім жауап бермесе, есікті, терезелерді және басқа да осал жерлерді бақылауға алуды ұйымдастыру қажет. Егер пәтер жалдаушы немесе сенімді адам жоқ болса, онда шартта белгіленген тәртіппен күзет қызметінің субъектісі - пәтердің иесіне берілетін, екіншісі - күзет қызметінің субъектісінде сақталатын тиісті актілерді екі данада жасай отырып, куәгерлердің қатысуымен өзінде сақталатын екінші кілтпен

Ескерту: 38-тармақ жаңа редакцияда жазылды - Ішкі істер министрінің 2005 жылғы 13 қыркүйектегі N 541 бұйрығымен ( қолданысқа енгізілу тәртібін 3-тармақтан қараңыз ).

39. Егер пәтерге кіру байқалмаса, онда осы пәтерге байланысты бұдан кейінгі қажетті барлық әрекеттерді құзет қызметінің субъектілері жүргізеді. Бұдан әрі ПКК ПКН жедел басқару орталығының, құзет бөлімшесінің немесе аумақтық ПО кезекшісінің нұсқауымен іс-әрекет жасайды.

Ескерту: 39-тармаққа өзгерту енгізілді - Ішкі істер министрінің 2005 жылғы 13 қыркүйектегі N 541 бұйрығымен ( қолданысқа енгізілу тәртібін 3-тармақтан қараңыз ).

## 8. Пәтерге біреудің кіргендігі байқалған кездегі полицияның кешенді күштері патрульдік-құзет нарядтарының іс-әрекеттері

40. Құзетілетін пәтерге кіру белгілері (кіреберіс есікті бұзып ашу іздері, ашық қалған балкон есігі, терезе ойығындағы шыны сынығы, есігі жабық пәтердің ішіндегі шу және т.б.) байқалған жағдайда патрульдік-құзет нарядының аға қызметкері бұл туралы дереу ПД жедел басқару орталығының, құзет бөлімшесінің немесе аумақтық ПО кезекшісіне баяндайды және табельдік қаруды оқ атуға дайындалап, пәтерден шығатын есікті бақылауға алады.

41. ПО-ның екінші қызметкері табельдік қаруды қолдануға дайындалап, баспалдақ арқылы жоғары көтеріледі және құқық бұзушының өзге қабаттардағы баспалдақ алаңқайында жоқ екенін тексереді, қарап шыққаннан кейін пәтерге түседі, құқық бұзушылар жасауы мүмкін шабуылға тойтарыс беретіндегі қалыпта тұрады.

42. Содан кейін, есік ашық (бұзылған) болғанда патрульдік-құзет нарядының аға қызметкері есіктің ойығына бүйірлей тұрып есікті сәл ашады және пәтердегілерді дауыстап шақырады. Егер дауысқа ешкім жауап бермесе және шықпаса, онда есікті жабады және ПКК ПКН пен жедел-тергеу тобының келуін

к ү т е д і .

43. Егер дауысқа пәтерден бейтаныс адам шықса "Тоқта, қолынды көтер!" деп команда беруі қажет, осы әмірді орындағаннан кейін ПКК ПКН қызметкерлерінің біреуі сақтық шараларын сақтай отырып, қару табу мақсатында сыртқы киімін қарап шығады, ПО-ның екінші қызметкері пәтерге кіретін есікті және қарап шығудың орындалуын көзден таса етпейді. Сонымен қатар жасалуы мүмкін шабуылға және оған тойтарыс беруге дайын болуы шарт. Тексергеннен кейін құжаттарын көрсетуді талап етеді.

44. Жедел-тергеу тобы келгенге дейін аға қызметкер пәтерді күзетуді жалғастырады, осы ретте баспалдақ алаңқайындағы көршілес пәтерлерді бақылайды. Екінші қызметкерге күйегерлер мен қылмысты көзбен көрушілерді, құқық бұзушылардың белгілерін анықтау, шатырдағы үй-жайларды, жертөлелерді қарау тапсырылады.

45. Қосымша күш жұмылдырылғаннан кейін жақын тұрған аумақтарды қарау және құқық бұзушыларды қызметтік-іздестіру итін қолдану арқылы іздеуді ұйымдастырады.

46. Келген жедел-тергеу тобының аға қызметкерімен бірге пәтерді қарауға кіріседі.

47. Қарау кезінде оқиға орнының жағдайын бұзуға, пәтердегі қандай да бір заттарды және бұзып ашу құралдарын алуға не оларға тиісуге рұқсат етілмейді. Құқық бұзушылардың есіктердің, мұліктердің, шкафтардың артында жасырынуы мүмкін екендігін естен шығармай, қырағылықты сақтау қажет.

48. Қару қолдануға дайын тұруы қажет. Құқық бұзушыны байқаған уақытта дереу ПД жедел басқару орталығының, күзет бөлімшесінің немесе аумақтық ПО кезекшісіне баяндайды және оларды ұстau шараларын қабылдайды. Пәтерге кіретін есікке, балконның есіктеріне бақылау қойылады. Бақылау жасау құқық бұзушылар оқиға орнынан қашып кете алмайтында тұрғанда ұйымдастырылады.

49. Баспалдақ алаңқайындағы пәтерлердің тұрғындарын болған оқиғаны хабарлай отырып құқық бұзушыларды ұстau бойынша қолданылатын жедел іс-шаралар туралы ескертеді, оларды баспалдақ алаңқайындағы есіктердің артында тұрудан сақтандырады. Бөгде адамдардың баспалдақпен және лифтімен жүрүлдеріне жол бермейді. Қосымша күш жұмылдырылғаннан кейін құқық бұзушыларды ұстau және оларды аумақтық ПО-на жеткізу шаралары қабылданады. Оқиға орнын күзету ұйымдастырылады.

## **9. Азаматтардың дабыл белгісін беру бастырмасымен жабдықталған пәтерлерінен "Дабыл" белгісі түскен кездегі полиция кешенді күштері патрульдік-күзет нарядтарының іс-эрекеттері**

**Ескерту: 9-тaraу алынып тасталды - Ішкі істер министрінің 2005 жылғы 13 қыркүйектегі N 541 бүйрекімен ( қолданысқа енгізілу тәртібін 3-тармақтан қараңыз ).**

## **10. Полиция кешенді күштері патрульдік-күзет нарядтарының тұрғын үй-жайларда қаруланған құқық бұзушыларды ұстau тәсілі**

65. Құқық бұзушыларды үйдің кіреберісінде (баспалдақ алаңқайында) ұстau:

1) тұрғын үйдің кіреберісінде қаруланған құқық бұзушылардың болуы туралы мәліметтер алғанда патрульдік-күзеттік нарядтың қызметкерлері кіреберіске жасырын, қабырға бойымен жақындауы қажет;

2) ұсталушылардың терезелер, жертөлелер және шатырлар арқылы кетіп қалуының алдын алу мақсатында сол жерлерге бақылау жүргізу және оларды қоршауға алуда қажет;

3) шатыр астындағы үй-жайлардың терезелерінің, ғимараттың өрт сөндіру сатыларының төбесінде тұруға болмайды. Егер ұстau көп секциялы үйде жүргізілсе және құқық бұзушылардың басқа секциялардағы шатыр асты, жертөле үй-жайлары арқылы кетіп қалу қаупі болса, онда осы жолдарды жабу (люктарды, лаздарды жабу және т.б.) шараларын қолдану қажет;

4) ұстau шаралары кешкі мезгілде жүргізілсе, құқық бұзушылар электр жарығын сөндіріп тастауы мүмкін, нәтижесінде көптеген тұрғындар баспалдақ алаңқайларына шығуға мәжбүр болады, бұл олардың өміріне және денсаулығына қауіп туғызады. Мұнымен қатар құқық бұзушылар қараңғылықты пайдаланып көзге түспестен немесе қару арқылы қорқытып азаматтардың пәтерлеріне кіріп кетуі мүмкін;

5) осындай жағдайлардың алдын алу үшін электр желісінде сөндіру фактісі болған кезде тұрғындарға кіреберісте қарулы құқық бұзушылар бар екендігі және сол себепті адамдарға пәтер есігін ашуға болмайтыны және есікten қауіпсіз орынға кетуін хабарлау қажет;

6) патрульдік-күзеттік нарядтар баспалдақ алаңқайында дыбыссыз, шағын жүгіріспен, қабырғага жабысып және қорғану үшін шығынқы жерлерді пайдаланып, атуға дайын тұрған қаруды ұстап қозгалулары қажет. ПО қызметкерлері арасындағы қозғалыс баспалдақпен жүргендегі баспалдақтың жарты интервалымен тізбектеліп жүзеге асуы қажет;

7) патрульдік-күзет нарядында қызметтік ит болғанда ол баспалдақ алаңқайында кездескен бөгде адамдарға шабуыл жасамас үшін құқық бұзушы табылғанша қарғыбаудан босатылмайды;

8) құқық бұзушылар табылғанда тұрғындардың назарын аудармас үшін дауысты көтермей, бірақ, шұғыл және сергек түрде оларға қаруын тастау және берілуін ұсынады. Егер құқық бұзушылар қарсылық көрсетпесе, онда оларды тиянақты тексеріп шығып, кісен кигізеді және аумақтық ПО кезекші бөліміне жібереді;

9) егер құқық бұзушы оқ атқан жағдайда оны қарусыздандыру немесе жою шаралары қабылданады;

10) құқық бұзушыларды қарама-қарсы дәліз жүйесі бар тұрғын үйлерде ұстau кезінде қоршауға алу тобы қызметкерлерінің саны үй қабаттарының санына

с ә й к е с

к е л у і

т и і с ;

11) ПО қызметкерлері жоғары көтерілу арқылы баспалдақ алаңқайынан қажетті қабатқа апаратын есіктерді жабады. Қабаттардың біреуінен құқық бұзушыларды байқаған уақытта кіреберісте тұрғандардан басқа қоршауға алу тобының қызметкерлері қажетті қабатқа көтеріледі, күшейту тобын құрады және құқық бұзушыларды ұстаудағы басып алу тобына көмек көрсетеді;

12) лифт кабинасында келе жатқан құқық бұзушыларды қоршауға алу мақсатында мүмкіндігіне қарай диспетчердің кезекшісі арқылы оны тоқтатудың ш а р а л а р ы н қ а б ы л д а й д ы ;

13) лифт кабинасының қозғалысын тоқтатып, баспалдақ алаңқайын және лифт кабинасын толығымен қоршауға алу қажет. Осыдан кейін ПКН аға қызметкері лифт кабинасында сақтық шараларын сақтай отырып, құқық бұзушыларға берілуді талап етеді және олардың қоршауда қалғанын, барлық қабаттар қоршалғанын және қарсылықтың пайдасыз екенін хабарлайды. Берілу келісімін алғаннан кейін ПКК ПКН аға қызметкері құқық бұзушыларға кабинаны олар көрсеткен қабатта тоқтатуын бұйырады. ПО қызметкерлері тоқтаған кабинаны есігін екі жағынан, атуға дайын тұрған қаруды ұстап және жеке басының қауіпсіздігін сақтау шараларын сақтай отырып қоршауға алады. Құқық бұзушылар есікті ашып патрульдік-күзеттік наряд аға қызметкерінің нұсқауы бойынша алаңқайға қаруды тастайды, содан кейін қолдарын көтеріп, арқасымен бір-бірлеп, өзара қашықтықты ұстап алға шығады.

66. Қаруланған құқық бұзушыларды жертөлелер мен шатыр астында ұстau:

1) қаруланған құқық бұзушыларды жертөлелер мен шатыр астында ұстauудың ерекшелігі бұл үй-жайларға құқық бұзушыларға байқатпай кірудің қындығы; нашар көрінетін болмаса мұлдем көрінбейтін белгісіз орында және шектеулі кеңістікте іс-әрекет ету қажеттілігі болып табылады. Мұндай операцияларды табысты өткізу үшін патрульдік-күзет наряды жарық түсіргіш және іздеу аспаптарымен, қызметтік итпен және арнайы құралдармен қамтамасыз етілуі тиіс ;

2) Шатыр астына және жертөлелерге кіру қызметкерлер өмірі үшін өте қауіпті, сондықтан бұл үй-жайларға өте сақ және мейлінше ақырын, тек қажет еткен (құқық бұзушылардың азаматтарға қарап атуы, ғимаратты жағуы және т.б.) құқық бұзушылардың іс-әрекетін басқаша шаралармен тоқтатуға мүмкін емес жағдайларда, сондай-ақ арнайы құралдарды ("Черемуха") пайдаланғаннан кейінғана к і р у к е р е к ;

3) қаруланған құқық бұзушыларды шатыр астында және жертөлелердегі жағдайда ұстau бойынша операцияның жүргізілуі ПО қызметкерінен ерекше қырағылықты талап етеді. Тегіс қоршауға алынған және қаруланған жолмен кетуге ешқандай мүмкіндігі жоқ құқық бұзушылар әртүрлі құлық пен

айлакерлікке барады, кей-кезде полицейдің қаруын алып қоюға дейін ниеттенеді;

4) егер құқық бұзушы арнайы құралдарды ("Черемуха") қолданғаннан кейін көп уақытқа дейін үй-жайдан шықпаса ПО қызметкерлері ерекше қырағылық көрсете білу керек. Күтілген нәтиженің болмағаны ұсталған адамның осы үй-жайда жоқ екендігін немесе әлсіздік жағдайда екендігін білдірмейді (мүмкін ол желденетін үй-жайда тығылған шығар немесе улы газдан қорғанатын құралы, қорғанатын маскасы бар және т.б.);

5) тегіс шатыр мен жертөлені қоршауға алыш, бөтен азаматтарды және айналадағы адамдарды оқиға орнынан алыштып, жедел топтың аға қызметкери дауыстап (электромегафондар және басқа да күштейткіш құралдар пайдалануы мүмкін) құқық бұзушыларға өз еріктерімен берілудеріне ұсыныс жасап, ғимараттың (үй-жайдың) полиция нарядымен қоршауға алынғаны туралы және қарсылық көрсетудің нәтижесіз екенін айтады;

6) құқық бұзушылар өз еріктерімен берілуден бас тартқан кезде нақты жағдайды, ауа-райы жағдайын есепке ала отырып арнайы құралдарды қолданады, қажет жағдайда қабатқа (шатырға) шығу үшін өрт автосатылары немесе қатты су (сабын су) ағысын үй-жайға беруі үшін автоцистерналар пайдаланылады, бұл құқық бұзушыларды тығылған жерінен шығуларына немесе оларды састыруға мүмкіндік береңді;

7) егер көрсетілген құралдарды объективті себептермен қолдану мүмкін болмаса немесе нәтижесіз болса, құқық бұзушыларды ұстауға иттер қолданылады. Иттер қарғыбаусыз жіберіледі. ПО қызметкерлері "Черемуха" өдісін қолданғаннан кейін үй-жай газдалған болса, противогаз пайдаланып, қауіпсіздік шараларын сақтай отырып құқық бұзушыларды ұстау үшін үй-жайға кіреді;

8) патрульдік-күзет нарядының бойтасасын қамтамасыз ететін ПО қызметкерлері құқық бұзушылардың көңілін алаңқай қылу үшін шара қолданады. Қараңғы үй-жайға кіргеннен кейін есіктің жанынан кетіп, көздің қараңғы жерге үйренуі үшін және өздерін қауіпсіздендіру үшін құқық бұзушылар шабуыл жасауға мүмкіндігі жоқ жарық түспейтін жерге тұру керек. Электр жарықтандыру құралдарын аз уақытқа ғана қосу керек және жанына созылған сол қолына ұстау керек;

9) қараңғы үй-жайларда құқық бұзушыларды ұстауда тұнде көру құралдары қолданылады. Олардың негізгі мақсаты қараңғыда өздерін түгелімен байқалмаймын деп ойлайтын іздеудегі құқық бұзушыларды табу;

10) ғимаратты қоршауға алу полиция қызметкерлерін жерде - өрт сатыларына, шатырлары тәмен жерлерге, шатырларда - бір-бірімен байланысқан үйлер мен

құрылыштардың шатырларын бөліп тұратын өртке қарсы қабыргалардың шығыңқы жерлеріне және т.б. орналастыру жолымен жүзеге асады.

67. Қаруланған құқық бұзушыларды пәтерде ұстau:

1) қаруланған құқық бұзушыларды пәтерде ұстau кезінде ғимаратқа кіру жолдарын, оның үй-жайының ішкі орналасуын және ұстau жүргізілетін пәтердің жоспарын алдын ала мұқият қарап алу қажет, қабатты, үйдегі қосалқы есіктерді, пәтердің терезелеріне жақын орналасқан өрт сатыларын, бірнеше пәтерге ортақ балкондарды және т.с.с. анықтайды;

2) пәтерге кірер алдында бақылауға және қоршауға алуға бөлінген ПО қызметкерлері жасырын түрде өз орындарына тұрады. Ғимараттан бөлек ыңғайлы паналар болмағанда, мұндай жерлер бақыланып тұрған терезелер, балкондар және басқа объектілер бақылаушы қабыргаға арқасымен тұрғанда оң жағында болатындей есеппен үйдің қабыргаларынан таңдалады. Дәл осылай ғимарат ішіндегі баспалдақ клеткасы қоршауға алынады;

3) егер құқық бұзушы бірнеше отбасы тұратын пәтерге жасырынса, онда барлық тұрғындар туралы мәліметтер жинау, олардың бір-бірімен және құқық бұзушының отбасымен қарым-қатынастарын анықтау қажет. Бұл мәліметтер құқық бұзушының көршісіне жасырынуы немесе оның көмегіне сүйену мәселелерін шешу үшін қажет болады;

4) ұстau кезінде мақсатқа сәйкес үй-жайды қоршауға алып және маскировка пайдаланып, пәтерді тыңғылықты бақылауды ұйымдастырады. Пәтерден тұрғындардың немесе құқық бұзушының отбасы мүшелерінің жұмысқа, сауда жасауға және т.б. шығуы полиция жұмысшыларының үй-жайға кіруіне ыңғайлы сәт тұзуғыздады;

5) Сонымен қатар, жағдайды талдай отырып, кірудің келесі варианттары болуы мүмкін:

- егер құқық бұзушының шығатын есік жанында жоқтығына немесе бақылап тұрмағанына сенімді болса, пәтерден шығушылар есікті ашқаннан кейін іле кіру;

- тұрғындар пәтерден шықкан соң және олар құқық бұзушы бақылап тұрған аумақтан кеткеннен кейін, олардан ұсталушының ойы, онда қарудың бар-жоқтығы туралы сұралады, осы адамдардың көмегі, не болмаса олардағы кіретін есіктің кілті пайдаланылады;

- пәтер тұрғындарының қайта оралған кездері пайдаланылады.

6) бұлармен қоса ПО қызметкерлерінің үй-жайға кіруінің басқа да тәсілдері бар (ТЭК және басқа да коммунальдық қызметтердің жұмысшысы ретінде кіру, т.б.);

7) операцияны жүргізудің барлық жағдайларындағы ең қиыны пәтерге кіру болып табылады, соның ішінде маңыздысы патрульдік-күзет наряды қызметкерлерін дұрыс орналастыру;

8) пәтерлердегі қаруланған құқық бұзушыларды дереу ұстай тәртіп бойынша, олар қарудан оқ атқан жағдайда жүргізіледі. Аса қын жағдайлар құқық бұзушы пәтердің жабық есігі арқылы атысқанда, ал оған жақындау дәліздің тарлығынан мүмкін болмағанда туындайды. Мұндай жағдайларда көзdemей ату негізінен атушының қеуде немесе ішінің деңгейінде жүргізілетінін есепке ала отырып, есікке еңбектеп келеді және есіктің жанына еденге отырып немесе тізерлеп орналасады.

9) есікті бұзудың тәсілін таңдау есікке жақындап келумен ғана байланысты емес, есіктің құрастырылу ерекшелігіне, оның техникалық жағдайына және есік тиектерінің ерекшеліктеріне де байланысты;

10) екі жаққа ашылатын есіктер өрт сүймендерімен, багрмен, темір құбырлармен, бөренемен және т.б. есік құлпының жанынан тез, қатты соғу арқылы бұзып ашылады;

11) бір жаққа ашылатын көп тақтайлы есіктер осы нәрселермен, сондай-ақ ұзын сапты балтамен төменгі тақтайдан соғу арқылы бұзып ашылады;

12) Есік бұзылғаннан кейін қызметтік ит пайдаланылады. Содан кейін бұзылған ойық арқылы не есіктің құлпы ашылады, не болмаса, егер ойықтың көлемі үлкен болса, ұстай тобының қызметкерлері тез кіреді;

13) итімен бірге полицей-кинолог иттің патрульдік-күзет нарядына және өзге де азаматтарға шабуылын болдырmas үшін қаруланған құқық бұзушы бар үй-жайға бірінші немесе біріншілердің қатарында кіреді;

14) иттің көмегімен құқық бұзушыны ұстап полицей-кинолог оны күзеттуді ұйымдастырады;

15) ұсталушыға "Қолынды көтер!" деп әмір ету қажет, бет жағымен қабыргаға қарауды, оған қолдарын тіреуді, аяқтарын алшақтатып алға еңкеюге немесе жерге бетімен жатып, қолдарын басына қоюды бұйырады. Дереу ұсталушының заттары мен киімін қарап шығады;

16) есік тиектерін бұзып ашудың барлық жағдайларында есіктің сондай-ақ шынжырмен жабылу мүмкіндігін де естен шығармау қажет. Сондықтан, патрульдік-күзет наряды өздерімен бірге шынжырды үзетін не болмаса оны бекітуден жұлып алатын саперлық қайши (тістеуіктер) немесе ұзын сапты ауыр зат алып жүрле рі көрек;

17) есіктерді және тиектерді бұзу уақытында жеке құрамның қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін қажетті жағдайлар бар болса, құлып тесігі арқылы "Черемуха" арнайы құралын қолдану қажет. Ол құқық бұзушының дәлізден (ауыз үйден) үй-жайдың ішкі жағына кетуіне мәжбүр етіп, патрульдік-күзет нарядтарының пәтерге кіргеннен кейін күштерін ыңғайлы және қауіпсіз қүш етүгे жағдай жасайды;

18) пәтерге кіретін есікті кешкілік немесе тұнгі уақытта бұзып ашуда, құқық

бұзушының есікті ашқаннан кейін ыңғайсыз жағдайға қалдыру үшін баспалдақ алаңқайындағы жарықты сөндіру қажет, өйткені көз қараңғыдан гөрі жарыққа тез Үйрөнеді;

19) қаруланған құқық бұзушыны көптүрғынды пәтерде ұстаудың өзіндік ерекшелігі бар. Мұндай жағдайда мақсатқа сәйкес, пәтердің есігін ашып беретін және құқық бұзушының қай жерде екенін хабарлайтын көршілердің көмегі пайдаланылады;

20) көп тұрғынды пәтерде ұстаудың жағымсыз жағы ондағы азаматтар санының көптігі, бұл олардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуді және арнайы құралдарды қолдану мүмкіндігін қыннадады;

21) барлық жағдайларда ПО қызметкерлері ұстайтын адам бар пәтерге кіргенде топталып тұрмаулары қажет;

22) құқық бұзушыны ұстауда ол өзінің қорғау үшін балаларды, әйелдерді және өзге де азаматтарды кепілдікке алғып, егер оған жасырынуға мүмкіндік берілмесе, кепілдіктең адамдарды өлтіретіні туралы қорқыту фактілері кездеседі. Мұндай жағдайларда ПКК патрульдік-күзет нарядтары дереу аумақтық ішкі істер органының жедел басқару орталығына (кезекші бөлімге) хабарлайды, объектіні қоршайды және арнайы жоспар кіргізілгенше объектіге қатысты аумақтағы қоғамдық тәртіпті сақтауды қамтамасыз етеді және операция аға қызметкерінің екімі бойынша жасайды.

## **11. Құқық бұзушыны ұстau барысында полиция кешенді құштері патрульдік-күзет нарядтарының қабылдайтын жеке қауіпсіздік шаралары**

1. Жарық көзін корпустан жанына созылған сол қолына ұстau қажет.

2. Өз қызметкеріне жарық түсіруге тыйым салынады, объектіге кіру кезінде кіреберісте топталмау, мүмкін болса, әртүрлі ойықтар арқылы кіру қажет, есіктің ойығына немесе терезенің жақтауында тоқтауға болмайды, терезе ойықтарының жанынан тұрган бойда жүгіріп өтпеу қажет, үй-жайдың ортасына бірден шықпау керек, паналарды (мұлік, прилавкалар және т.б.) барынша пайдалану қажет.

3. Қызметкерлердің байқаусызыда атып қалуын болдырмау үшін сақтық шараларын сақтай отырып (қару жоғары бағытталған болу қажет), қару дереу қолдануға дайын тұрғуы қажет.

4. Есікті ашу үшін бірінші оны жабу қажет, содан соң есік қабырғага соғылатындей етіп аяқпен қатты тебу арқылы оны ашады (есік ішке ашылатын болса), сыртқа ашылатын есікті ашқанда есік ойығына бүйірлей тұрып есікті қолымен ашады (екінші полицей есік ойығынан есік артындағы кеңістікті

бақылау және болуы мүмкін шабуылды тоқтату мүмкін болатындағы ара қашықтықта кішкене алыстау тұрады).

5. Ұстau кезінде әрбір құқық бұзушы міндетті түрде тексеріледі, мұнымен қатар полиция қызметкерлері қауіпсіз қашықтықта тұрып, бір-бірін сақтандырады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК